| 5 | Мектебімізде 2024 жылдың 1 -наурыз күні «Тоғыз айға тоғыз іс-шара» аясында «Оқуға құштар мектеп» жобасына орай «Артық ғылым кітапта, ерінбе оқып көруге» тақырыбында жалпы білім беру ұйымдарының оқушылары арасында қалалық дебат турнирі өткізілді.Турнирге №4 орта мектебінің «4К» фракциясы , «Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп – гимназиясының«Қазақи пропаганда» фракциясы , А.Байтұрсынұлы атындағы ЛМГ-ның «Ахмет ұрпақтары» фракциясы, №28 орта мектептің «Forever» фракциясы, №33 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің «Алагеуім» фракциясы, №36 қазақ орта мектебінің «Атагер» фракциясы, №37 орта мектептің «asu»фракциясы, №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің «Үш тоғыз»фракциясы, Ж.Тәшенов атындағы №68 жалпы білім беру орта мектебінің «ШАХ»фракциясы қатысты.<br>Турнирдің мақсаты: Оқушыға білім, тәрбие берудің және оны дамытуға бағытталған оқу танымдық, білім , іскерлік дағдыларды меңгерте отырып, әрбір оқушының ғылыми көзқарасын, адамгершілігін, белсенді шығармашылығын және жан-жақты кемелденген жоғары дәрежедегі үйлесімді дамыған тұлғасын дамыту. Қазақстанның болашағына үлесін қоса білетін білімді де, ізденімпаз ұрпақ етіп тәрбиелеу.<br>✅Турнирдің қорытындысы бойынша әділ-қазылар алқасының мүшелері жеңімпаздарды анықталып, жеңімпаздар I, II, III дәрежедегі дипломдармен марапатталды.<br>I орынды №33 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің «Алагеуім» фракциясы<br>II орынды №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің «Үш тоғыз»фракциясы<br>III орынды «Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп – гимназиясының «Қазақи пропаганда» фракциясы иеленді.<br>«Үздік спикер» номинациясымен «Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп –гимназиясының «Қазақи пропаганда» фракциясының ойыншысы Скакова Индизар, «Үздік төреші» номинациясымен Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжінің «Zhana Gasyt»дебат клубының төрешісі Елемесова Альбина марапатталды. | <br><br><br><br>https://www.instagram.com/p/C4C9gqIsexZ/?img_index=1 |

# Спорттық секциялар мен үйірмелер жұмысы

2023-2024 оқу жылында мектебімізде білім алушылардың бос у10 спорттық үйірмелері және ақысыз 7 үйірме мен 8 клубтар жұмыс жасайды (үйірме секция кестесі тіркелді). Бұл үйірмелерге, секцияларға 1-11 сыныптарының (1,2 ауысым) балалары қатысады. Сабақ формасы - топтық. Спорт секцияларына 530 оқушы, қызығушылықтары бойынша үйірмелерге 534 оқушы қатысады. Барлығы 1064 оқушы түрлі секциялар мен үйірмелермен қамтылды, 234 оқушы 2-3 үйірмеге қатысады, оқушылардың спорт секцияларымен, үйірмелермен қамтылуы оқушылардың жалпы санының 100 %-н құрады. Үйірмелердің оқу жоспары, секциялардың барлық бағыттары бойынша оқу бағдарламалары бар. Секциялардағы сабақтардың ұзақтығы 2 академиялық сағат (90 минут), үйірмелердің, роботехника мен дебат клубы сағаттарының ұзақтығы - 45 минут. Қосымша білім беру педагогтары түрлі іс-шаралар өткізді: үзілістерде асық ату, қыздар арасында бес асық, тоғыз құмалақ, шахмат ойындары ұйымдастырылды және көптеген іс-шаралар өткізілді.





| жүргізілген іс-шаралар | сілтеме |
|---|---|
| 3 класс оқушылары арасында "Ұлттық мектеп лигасы", "Спорт-денсаулық-жетістік" жобалары аясында футболдан жарыс өткізілді. Мақсаты: күзгі демалыс кезінде білім алушылардың бос уақытын тиімді пайдалану. | https://www.instagram.com/p/CzGaNXCMFkG/?img_index=2 |
| 4 класс оқушылары арасында "Ұлттық мектеп лигасы", "Спорт-денсаулық-жетістік" жобалары аясында футболдан жарыс өткізілді. Мақсаты: күзгі демалыс кезінде білім алушылардың бос уақытын тиімді пайдалану. | https://www.instagram.com/p/CzGaw7AsOz1/?img_index=2 |
| "Ұлттық мектеп лигасы" жобасы аясында мектебімізде 10-11 класс оқушылары арасында волейболдан жарыс өткізілді. Мақсаты: Білім алушылардың бос уақытын тиімді пайдалану, құқықбұзушылық пен келеңсіз жағдайлардың алдын алу. | https://www.instagram.com/p/CzG_kL1s3Xk/?img_index=2 |
| “Ұлттық мектеп лигасы” жобасы аясында 4 класс оқушылары арасында Толағай отбасылық эстафеталық сайысы өткізілді. Мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Ата-ана мен мектеп арасындағы қарым қатынасты | https://www.instagram.com/p/CzJn6oHMmHk/?img_index=2 |

| | |
|---|---|
| нығайту. Оқушылардың күзгі демалысын тиімді пайдалану. |  |
| «Ұлттық мектеп лигасы жобасы» аясында 3 класс оқушылары арасында “Толағай” эстафеталық сайысы өтті. Мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану | https://www.instagram.com/p/CzO-t5jM5FO/?img_index=2<br><br> |
| Ұлттық мектеп лигасы жобасы аясында мектепішілік 5-6 кластар арасында футбол жарысы өткізілді. Мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану. | https://www.instagram.com/p/CzPERBEMO_I/?img_index=2 |
| "Спорт-денсаулық-кепілі" жобасы аясында 9-сынып оқушылары арасында волейболдан жарыс ұйымдастырылды. Мақсаты: Салауатты өмір салтын ұстану. Білім алушылардың бос уақытын тиімді пайдалануға үйрету. Сыныптар арасындағы ынтымақтастық, достық құндылықтарды нығайту. | https://www.instagram.com/p/CzrKxpiMPmd/?img_index=2<br><br> |
| “Біртұтас тәрбие бағдарламасы” аясында “Ұлттық мектеп лигасы” жобасы жоспарына сай “8-наурыз - Халықаралық әйелдер” мерекесі қарсаңында 5-класс қыз балалары және класс жетекшілері арасында Толағай эстафеталық сайысы өткізілді. Мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыра отырып, білім алушылардың денсаулығын нығайту; Ауызбіршілікке, ұйымшылдыққа, бір-біріне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. | https://www.instagram.com/p/C4XvZ07M3wh/?img_index=1<br>https://www.instagram.com/p/C4XwCZZs3vW/?img_index=1 |
| Қаланың жалпы орта білім беретін мектептерінің оқушылары арасында «Жас сарбаз»сп. секциясының мүшелері "Жас жауынгер" әскери-қолданбалы спорт түрлерінен өткізілген жарыста мектебіміздің оқушылары ІІІ орын иеленді. | https://www.instagram.com/p/C47Rm8mIiuC/?img_index=1 |

| | |
|---|---|
| "Кәусар" хор ұжымы 21-сәуір күні өткен "BEST STARS 2024" VI Республикалық шығармашылық өнер фестиваль - байқауында жоғары деңгей көрсетіп, бас жүлдені иеленіп, Түркістан қаласына жолдама алды. | https://www.instagram.com/p/C6DZhNnMZd7/?img_index=1 |
| **Өткізілген күні:** 12 – 16.09.2023ж<br>**Өтетін орны:** Спорт зал<br>**Өткізген:** Тлеубергенов А.Қ<br>**Тақырыбы: «ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫ» жобасы аясында** 1 – кластар арасында футболдан мектеп біріншілігі<br>**МАҚСАТЫ:** «Оқушылардың денсаулығын нығайту, сүйікті спорт түрлерінен қабілеттерін жетілдіру, өз отанының намысын қорғайтын спортшылар тәрбиелеу» |  |
| **Өткізілген күні:** 10 – 14.10.2023ж<br>**Өтетін орны:** Спорт зал<br>**Өткізген:** Тлеубергенов А.Қ<br>**Тақырыбы: «ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫ» жобасы аясында** 4 – кластар арасында футболдан мектеп біріншілігі<br>**МАҚСАТЫ:** «Оқушылардың денсаулығын нығайту, сүйікті спорт түрлерінен қабілеттерін жетілдіру, өз отанының намысын қорғайтын спортшылар тәрбиелеу» |  |
| **Өткізілген күні:** 10 – 14.10.2023ж<br>**Өтетін орны:** Спорт зал<br>**Өткізген:** Тлеубергенов А.Қ<br>**Тақырыбы: «ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫ» жобасы аясында** 3 – кластар арасында футболдан мектеп біріншілігі<br>**МАҚСАТЫ:** «Оқушылардың денсаулығын нығайту, сүйікті спорт түрлерінен қабілеттерін жетілдіру, өз отанының намысын қорғайтын спортшылар тәрбиелеу» |   |
| **Өткізілген күні:** 12 – 16.09.2023ж<br>**Өтетін орны:** Спорт зал<br>**Өткізген:** Тлеубергенов А.Қ<br>**Тақырыбы: «ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫ» жобасы аясында** 2 – кластар арасында футболдан мектеп біріншілігі<br>**МАҚСАТЫ:** «Оқушылардың денсаулығын нығайту, сүйікті спорт түрлерінен қабілеттерін жетілдіру, өз отанының намысын қорғайтын спортшылар тәрбиелеу» |  |

| | |
|---|---|
| **Өткізілген күні:** 12.12.2023ж<br>**Өтетін орны:** Спорт зал<br>**Өткізген:** Құдабаева С.Ш<br>**Тақырыбы:** 5 – 6 – кластар арасында Тоғызқұмалақтан мектеп біріншілігі<br>**МАҚСАТЫ:** **«**Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану»<br>Мектебімізде **«ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫ» жобасы аясында** 5 – 6 – класс оқушылары арасында Тоғызқұмалақтан мектеп біріншілігі өткізілді. |   |
| **Өткізілген күні:** **0**1.11.2023ж<br>**Өтетін орны:** Спорт зал<br>**Өткізген:** Ондасынов А.Р<br>**Тақырыбы:** 10 – 11 – кластар арасында волейболдан мектеп біріншілігі<br>**МАҚСАТЫ:** **«**Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану»<br>Мектебімізде **«ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫ» жобасы аясында** 10 – 11 – класс оқушылары арасында волейбол жарысы өткізілді. |    |
| **Өткізілген күні:** 26.03.2024ж<br>**Өтетін орны:** Спорт зал<br>**Өткізген:** Тлеубергенов А.Қ<br>**Тақырыбы:** 9 – 10 – 11 – кластар арасында шағын футболдан мектеп біріншілігі<br>**МАҚСАТЫ:** **«**Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану»<br>Мектебімізде **«ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫ» жобасы аясында** оқушылардың көктемгі демалыс кезіндегі бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында «АРЛАН» ұлдар клубы 9 – 10 – 11 – класс оқушылары арасында футболдан мектеп лигасы өткізілді. |   |
| 2023 – 2024 оқу жылының 20 – наурыз күні **«ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫ» жобасы аясында** мектебіміздің «АРЛАН» ер балалар клубының мүшелері арасында «Ұлыстың ұлы күні - НАУРЫЗ» қарсаңында ұлттық ойындар түрлерінен сайыс ұйымдастырылды. Сайыста:<br>**1. Теңге алу;** |   |

| | |
|---|---|
| **2. Жаяу көкпар;**<br>**3. Жауырын тартыс;**<br>**4. Оқтау тартыс;**<br>**5. Қол күрес;**<br>6. **Гір көтеру** |   |

## «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының жасаған жұмысының есебі

№ 39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінде «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы жұмысын жалғастырды. Мақсаты - өз ұлтының барлық дәстүрін, тарихын толық меңгерген, ойлау дәрежесі жоғары, өз бетімен шешім қабылдай алатын саналы азамат тәбиелеу жолында, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға сәйкес рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру.

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының жетекшісі, аға тәлімгер Құлшаева Гүлдана Тасқынбайқызы.

**Аға тәлімгердің міндеттері:**

1. Оқушылар арасында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуді қалыптастыру;
2. Жас ұрпақтың бойында адамгершілік, патриоттық сана - сезімді ұялату;
3. Жас ұрпақты тілін құрметтеуге, салтын сыйлауға тәрбиелеу;
4. Зиянды заттардың, нашақорлықтың пайдаланылуына жол бермеу.

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының 1 мектеп «Ұланбасы» және оның 1 орынбасары бар.

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы «Қалалық оқушылар сарайының» жылдық жоспарын басшылыққа ала отырып, жылдық жұмыс жоспары жасалынды.2023-2024 оқу жылының 1 - қыркүйек күні, «Отан» бағытында мектебімізде «Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ,табысты ұлт» тақырыбында салтанатты жиын өткізілді.
https://www.instagram.com/reel/CwrbvOksmFq/?igsh=YnMxNHgwODlybzc0

Қыркүйек айының 14 жұлдызы күні «Еңбек» бағытында «Біздің тату отбасы» жас суретшілер байқауы өткізілді.Қыркүйек айының 15 жұлдызы күні «Экоәлем» бағыты бойынша «Жас Ұландықтардың» қатысуымен «Таза қала бізден басталады» тақырыбында сенбілік жұмысы жүргізілді.

   

«Мектеп Кеңесінің» ұйымдастырумен оқушылардың үзіліс уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында «Көңілді қоңырау» әдісін жүргізеді.






https://www.instagram.com/reel/CzmK7aXMpQ8/?igsh=dHN4M2VuemxnYnRk

**«Көңілді Паровоз» ойыны**





**«Кім жылдам» ойыны**








https://www.instagram.com/reel/C17evNdsosN/?igsh=MjE0bnl2OWR3cmtn

Қыркүйек айының 29 жұлдызы күні «Руханият» бағыты бойынша «Жас Ұлан» ұйымы мектебіміздің бастауыш класс оқушыларына «Жолда жүру ережесін білесің бе?» тақырыбында түсіндіру жұмыстарын жүргізді.






https://www.instagram.com/p/Cxpq57RsqiM/?igsh=MWY5anVhYjFkbWdtaA==

Қазан айының 02 жұлдызы күні «Жас Ұлан» ұйымы «Зерде» бағытының ұйымдастырумымен мектебіміздің 3 - сынып оқушылары арасында

«Ең үздік математик» зияткерлік байқауы өткізілді.

 

https://www.instagram.com/p/Cx_UTaPMwow/?igsh=eXpzeGx0MzNxendz

Қазан айының 05 жұлдызы күні мұғалімдер күніне орай «Қарттарым асыл қазынам» тақырыбында қайырымдылық акциясы өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/Cx_QUgwM8bw/?igsh=NTY5eXRreWozcWly

Қазан айының 18 жұлдызы күні «Отан» бағытында 25-қазан Республика күніне орай «Менің арманымдағы Қазақстан!» тақырыбында эссе жазу байқауы өткізілді.

Қазан айының 19 жұлдызы күні «Отан» бағыты бойынша мектебімізде «Мектеп Президенті» сайлауы өткізілді.

   

https://www.instagram.com/reel/Cyl47rtsnUS/?igsh=ZXU2dXIybXloaHht

**«Өзін өзі басқару мектеп Парламенті ұйымының» мектеп Президенті 10 «Ә» сынып оқушысы Жандосұлы Ералы**

https://www.instagram.com/p/Cyun5V0Ie37/?igsh=MTEzZDN0OGxldHg3MQ==

Қазан айының 23 жұлдызы күні «Отан» бағытының ұйымдастыруымен Республика күніне орай мектепішілік 5-6 сынып оқушылары арасында командалық «Менің Қазақстаным!» тақырыбында викториналық ойын өткізілді.

    

https://www.instagram.com/p/Cyyter1sxrW/?igsh=MWc1a3phZ3d4dnltYQ==

Қазан айының 24 жұлдызы күні «Еңбек» бағытында мектепішілік «Ғажайып тұмарлар!» өнер байқауы өткізілді.

Қараша айының 05 жұлдызы күні «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұйымдасытыруымен оқушылардың күзгі демалыс уақыттарын тиімді өткізу мақсатында қашықтықтан «Менің интернетсіз бір күнім» тақырыбында челлендж

ұйымдастырып өткізді. Аталған іс-шараға бастауыш сынып оқушылары белсенділікпен қатысты. https://www.instagram.com/reel/CzQine8sKR0/?igsh=MXkxZXRlN3FldmhjNg==

https://www.instagram.com/reel/CzQj_t3sLGA/?igsh=bWxscTBma3U1Mm9m

Қараша айының 06 жұлдызы күні «Жеті жарғы» бағыты бойынша «Туған жер» тақырыбында 8-9 сыныптар арасында виртуалды онлайн саяхат өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/C08tIUJMimx/?igsh=MWY4Z29vNG50b2VhZQ==

Қараша айының 09 жұлдызы күні «Экоәлем» бағытында мектебіміздің 5-11 класс оқушыларына «Темекенің адам ағзасына зияны» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

 ььь  

https://www.instagram.com/p/C29OvJKMRBE/?igsh=bHhnNjg0bHFvZzUw

Желтоқсан айының 05 жұлдызы күні «Отан» бағыты бойынша «Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында өткізілген мерекелік кеш өткізілді.

   

Желтоқсан айының 11 жұлдызы күні «Отан» бағытында «Тәуелсіз елдің тұлғасы» тақырыбында дебат турнирі өткізілді.



16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік мен үшін» тақырыбында 4-5 класс оқушылары арасында патриоттық өлеңдерді мәнерлеп оқу челленджі өткізілді.https://www.instagram.com/reel/C009jBeM_Gb/?igsh=NmxsenNqeDVmZWN

Желтоқсан айының 22 жұлдызы күні «Руханият» бағыты бойынша мектебімізде «Мейірімділік мекені» тақырыбында қайырымдылық жәрмеңкесі өткізілді.

    

https://www.instagram.com/p/C1Y8zSHscJ3/?igsh=MTB0d3Nqbm53cTM0ag==

Қаңтар айының 17 жұлдызы күні «Руханият» бағыты бойынша «Жас Ұлан» ұйымы мен «Мектеп Парламентінің» ұйымдастыруымен **«DOSBOL LIKE» достық қолын ұсын акциясы аясында** бастауыш сынып оқушыларына достық, мейірімділік, қайырымдылық көрсету мақсатында әр түрлі тренингтер жүргізді.

Қаңтар айының 19 жұлдызы күні «Жеті жарғы» бағытында 6-8 класс оқушыларына «Құқықбұзушылық неден басталады?» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Қаңтар айының 19 жұлдызы күні «Жас Ұлан» ұйымы мен «Мектеп Парламенті» бастауыш сынып оқушыларының «Үзіліс» уақытын тиімді өткізу мақсатында «Көңілді Ламбада» биін билетіп, жақсы көңіл күймен бастауыш сынып оқушыларына жақсы тілектерін білдірді.






https://www.instagram.com/reel/C2zX4esMUCQ/?igsh=MWQ5ZmNyNWFyNWw2eA

Қаңтар айының 26 жұлдызы күні «Руханият» бағытында «Бозторғай» заманауи ән байқауы өткізілді.





https://www.instagram.com/reel/C21VKGoIxzx/?igsh=MXBsNTZ2cWpweGpudw=

Ақпан айының 02 жұлдызы күні «Зерде» бағыты бойынша мектебіміздің 4 - сынып оқушылары арасында Төлебидің 360 жылдығына арналған мектепішілік «Ең үздік математик» зияткерлік байқауы өткізілді.

https://www.instagram.com/p/C00hd2sotDl/?igsh=cTl3aG9xNjFsOWlx




https://www.instagram.com/p/C3nWSlOoQZr/?igsh=MXg4YTZka2k2djdiNw==

Ақпан айының 9 жұлдызы күні «Жас Ұлан» ұйымы мен «Мектеп Парламенті» мектеп ұстаздары мен оқушыларына «Бір бауырсақ, бір мақал» айдарын жүргізді.

   

https://www.instagram.com/p/C3Sce2KMFSZ/?igsh=azZ2dDU5YnBncDk

Ақпан айының 14 жұлдызы күні «Жас Ұлан» ұйымы мен «Мектеп Парламенті» мектеп ұстаздары мен оқушыларына «Мен сізді жақсы көремін» тақырыбында жылы тілектерін білдіріп, бейнеролик түсірді.

   

https://www.instagram.com/reel/C3chmeNMlpL/?igsh=MXJzNHhlOHp2Y3hvYw==

Ақпан айының 16 жұлдызы күні «Зерде» бағыты бойынша 5 және 6 кластар арасында командалық «Сөз мерген» интеллектуалды ойын өткізілді.



Ақпан айының 16 жұлдызы күні «Руханият» бағыты бойынша 8-9 класс оқушылары арасында мектепішілік «Жайдарман-2024» ойыны өткізілді.

    

 

https://www.instagram.com/p/C35kPzCM-Za/?igsh=NWJlODB4YzlqN3I

Алғыс айту күніне орай «Руханият» бағыты бойынша «Жас Ұлан» ұйымы мен «Мектеп парламентінің» ұйымдастыруымен 12 ақпан мен 1 наурыз күндері аралығында Республикалық «Алтын жүрек» челленджі өткізілді.

    

**«Мектеп Парламентінің» мерекелік құттықтауы**

https://www.instagram.com/reel/C3-oPcNMXP6/?igsh=M2JqMjVxOWp5cWpi

**7-сынып оқушыларының «Асхана» қызметкерлерін «Алғыс айту» күнімен құттықтау сәтінде**

https://www.instagram.com/reel/C3-wLlXsI3i/?igsh=MTRtODlyc2R0OGR2aQ==

  

**«Жүректен жүрекке» құттықтау челленджі**

https://www.instagram.com/reel/C3-plpfMA0g/?igsh=MXAwaG9kYnhzdm50eQ==

    

**«Еңбек адамдарын құттықтау» 7 «Ә» сыныбы және аға тәлімгер Құлшаева Г**

https://www.instagram.com/reel/C38JhWxMjsi/?igsh=Z2kybTZpdjNwazls

01-наурыз Алғыс айту күніне орай мектебіміздің «Жас Ұлан» және «Мектеп Парламенті» ұйымы, мектеп ұстаздары «Қарттар үйіне» барып, «Алғыс айтупарызымыз!» тақырыбында мерекелік кеш өткізді.

 

https://www.instagram.com/p/C4xKz6pMfoc/?igsh=MWdyeDdqMnhwbTJsZg==

Сәуір айының 02 жұлдызы күні «Руханият» бағыты бойынша мектепішілік 7-10 кластар арасында Ақтөбе қаласының 155 жылдығына арналған «Ақтөбе LIFE» газет байқауы өткізілді.

https://www.instagram.com/p/C6dr-c0sOPV/?igsh=MW5mcWhobW9vbmd4aw==

Сәуір айының 03 жұлдызы күні «Отан» бағыты «Ғарышкерлер» күніне орай 5-7 сынып оқушылары арасында «Ғарышкер болғым келеді» тақырыбында эссе жазу байқауы өткізілді.

Сәуір айының 12 жұлдызы күні «Руханият» бағытында «Отбасылық альбом» шығармашылық жоба онлайн байқауы өткізілді.

https://www.instagram.com/p/C7BumxWML9m/?igsh=bjdhaXY2YXd6ZG90

Сәуір айының 26 жұлдызы күні «Спорт» бағытында бастауыш кластар арасында «Папа, мама, я-спортивная семья» тақырыбында спорттық эстафета байқауы өткізілді

Мамыр айының 04 жұлдызы күні мектебіміздің 2 және 5 сынып оқушылары арасында «Ұрпаққа ұран болған – Ұлы Жеңіс» тақырыбында патриоттық әндер байқауы өткізілді.

    

https://www.instagram.com/p/C6tZ8Yjsy1N/?igsh=MXVmenJkczAzazRyOA=

Мамыр айының 24 жұлдызы күні «Отан» бағытында «Сыңғырла соңғы қоңырау!» тақырыбында салтанатты жиын өткізілді.

   

https://www.instagram.com/p/C7dyYMssIIH/?igsh=MWVrYnowNHAzaG1iOQ==

**Мектеп Парламенті өзін-өзі басқару ұйымы жұмысы**

**Мақсаты:**

Оқушылардың қоғамдық әлеуметтік, танымдықжәне шығармашылық қабілеттерін дамыту; Мектеп парламентінің сегіз фракциясы мен «Жас Ұлан» ұйымының жеті бағытын толығымен қамти отырып, Жас Ұландар мен Жас Қырандардың қоғамдық әлеуметтік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытып, оны қоғам игілігіне пайдалануына жағдай жасау.

**Міндеттері:**

1.Мектеп оқушыларының әлеуметтік тәжірибелерін байыту және дамыту;
2.Әлеуметтік - бағдарламаларды жүзеге асыру;
3.Мектептің тәрбиелік әлеуетін жүзеге асыру;
4.Облыстық, қалалық ұйымдастырылған іс-шараларға оқушыларды кеңінен қатыстыру;
5.Мектеп парламенті мүшелерінің жұмысын жандандыру

***«Мектеп парламенті" жобасында 8 фракция жұмыс жасайды*.**

1.Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы (психология);.

2. Қамқорлық фракциясы (еріктілік);
3. Дебат қозғалысының фракциясы;
4. Құқық және тәртіп фракциясы;
5. Ақпарат фракциясы;

6. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы;
7. Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркемшығармашылық);
8. Экология және еңбек фракциясы

2023-2024 оқу жылының 1 - қыркүйек күні, мектебімізде «Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ,табысты ұлт» тақырыбында салтанатты жиын өткізілді.

Мақсаты - Білім күні үлкен мереке екенін балаларға жеткізе білу, сезіну білімге деген құштарлығын арттыру, еліміздің білімді, тәрбиелі азаматын елжандылыққа тәрбиелеу. Мерекелік салтанатты жиынның алғашқы сөзін мектеп директоры Кисикова Акгул Мырзабековна жаңа оқу жылының басталуымен мектеп ұстаздарын, білім алушылары мен олардың ата - аналарын айтулы күнмен құттықтады.

1 - қыркүйек Білім күні әр адамның жүрегінде жақсы естелік қалдыратын, жарық та жылы сезімдерге толы ерекше күн. Бұл күннің әр адам баласы үшін жаңа білім, жаңа табыс, жаңа жетістіктерге жету бастамасы екені сөзсіз.

«Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ,табысты ұлт» тақырыбында өткен салтанатты жиында мектеп оқушылары мен мектеп табалдырығын аттаған 1 – класс бүлдіршіндері білім күніне арналған салтантты жиын мерекелік әуенмен жалғасын тапты.

https://www.instagram.com/reel/CwrbvOksmFq/?igsh=YnMxNHgwODlybzc0

Қыркүйек айының 29 жұлдызы күні «Мектеп Парламенті» ұйымы мектебіміздің бастауыш класс оқушыларына «Жолда жүру ережесін білесің бе?» тақырыбында түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Мақсаты - балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру, еске сақтауға үйрету, жол қауіпсіздігін, өз өмірлерін сақтай білуге тәрбиелеу.

Жоспар бойынша 1-4 сынып оқушыларына «Жолда жүру ережелері» тақырыбында оқушыларға ақпараттар берілді. Мектебіміздің «Жас Ұлан» ұйымының балалары бастауыш сынып оқушыларына жол белгілерін көрсетіп, әр белгінің мән мағынасын түсіндірді.

Кері байланыс мақсатында бастауыш сынып оқушыларына сұрақтар қойылып, оқушылар шапшаңдықпен, алғырлықпен жауап берді.

«Жолда жүру ережесін білесің бе?» тақырыбында өткен түсіндіру жұмысына 157 бастауыш сынып оқушылары қатысты.

https://www.instagram.com/p/Cxpq57RsqiM/?igsh=MWY5anVhYjFkbWdtaA==

Қазан айының 02 жұлдызы күні «Мектеп Парламентінің» ұйымдастыруымен «Толағай» эстафеталық сайысы өткізілді.

Мақсаты-салауатты өмір салтын қалыптастыру. Ата-ана мен мектеп арасындағы қарым-қатынасты нығайту.

https://www.instagram.com/p/CzJn6oHMmHk/?igsh=MTY3d3Q0dm8wMDRjMw==

Қазан айының 05 жұлдызы күні мұғалімдер күніне орай «Дублер күні» өткізілді. Мектептегі өзін-өзі ұйымдастыру жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында ұйымдастырылған іс-шараны 10-11 класс оқушылары өткізіп, аталған жұмыстарды жоғарғы деңгейде атқарып шықты.

https://www.instagram.com/p/CyA_WXuMM74/?igsh=aTV1c2FkMW9tdHlu

Қазан айының 05 жұлдызы күні мұғалімдер күніне орай «Қарттарым асыл қазынам» тақырыбында қайырымдылық акциясы өткізілді.

Мақсаты- жас жеткіншектердің бойына үлкенді сыйлап тыңдай білуге, халқының салт – дәстүрінен нәр алуға, инабаттылық пен мейірімділікке тәрбиелеу.

Қайырымдылық іс-шарасына «Мектеп Парламенті» және «Жас Ұлан» ұйымдары ұйымдастырып, қарттарға ізгі тілектерін арнап сыйлақтар берді.

https://www.instagram.com/reel/Cx_QUgwM8bw/?igsh=NTY5eXRreWozcWly

Қазан айының 19 жұлдызы күні мектебімізде «Мектеп Президентін» сайлауы өткізілді.

Мақсаты - өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, біліммен өзін – өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу.

«Мектеп Президентін» сайлауына 9-10 сынып оқушылары арасынан 7 үміткер өздерінің сайлау алды бағдарламаларын ұсынды. Сайлауға өз таңдауларын жасап, дауыс беруге мектебіміздің 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 сынып оқушылары және мектеп ұстаздары қатысты.

Өзін-өзі басқару «Мектеп Парламенті» ұйымының «Мектеп Президентіне» үміткер оқушылар және жинаған дауысы бойынша:

1. 9 сынып оқушысы Қабылжан Айша 14,4 %;
2. 9 сынып оқушысы Нуралинов Қайрат 14 %;
3. 9 сынып оқушысы Төремұратова Зухра 11,4;
4. 9 сынып оқушысы Досжан Диана 4 %;
5. 9 сынып оқушысы Қуанар Диана 3 %;
6. 9 сынып оқушысы Ешпанова Даяна 1 %;
7. 10 сынып оқушысы Жандосұлы Ералы 50 %

2023-2024 оқу жылында Өзін-өзі басқару «Мектеп Парламенті» ұйымының «Мектеп Президенті» атанған, 44% дауыспен 10 «Ә» класс оқушысы Жандосұлы Ералы сайланды.

Мектебімізде өткен Өзін-өзі басқару «Мектеп Парламенті» ұйымының «Мектеп Президентін» сайлауына мектеп оқушылары және мұғалімдер қатысты.







https://www.instagram.com/reel/Cyl47rtsnUS/?igsh=ZXU2dXIybXloaHht

Қараша айында Өзін-өзі басқару «Мектеп Парламенті» ұйымының «Мектеп Президентін» ұлықтау салтанатты жиыны өткізілді.

Мақсаты-«Мектеп Парламенті» ұйымының көшбасшысын, орынбасары мен фракция басшыларын тағайындау, оқушылардың қоғамдық әлеуметтік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

«Мектеп Президенті» 10 «Ә» класс оқушысы Жандосұлы Ералы ант беріп, төсбелгі табысталды.

https://www.instagram.com/p/C0QodhsM9nm/?igsh=MXY5aW9nMHdua21neQ==

Қараша айында Өзін-өзі басқару «Мектеп Парламенті» ұйымының ұйымдастыруымен «Біздің Парламент» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты-оқушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, шығармашылық қабілетті азаматты тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/reel/C0QpN2KMgtG/?igsh=aXRxbG4ybDFwODgx

Желтоқсан айының 04 жұлдызы күні Өзін-өзі басқару «Мектеп Парламенті» ұйымының ұйымдастыруымен «Бақытты балалық шақ» тақырыбында сурет байқауы өткізілді.

Мақсаты-балалық балдырған шақтың қызықтарын балаларға түсіндіріп, ой-өрістерін, ойлау логикаларын дамыту.

https://www.instagram.com/p/C0a7_swsRPU/?igsh=bG5pcXNsNWVzMjI2

Желтоқсан айының 05 жұлдызы күні «Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында өткізілген мерекелік кеш өткізілді. Қазақстан Республикасының мемелкеттік Гимн шырқалды.

Мерекелік кештің мақсаты - оқушыларға Тәуелсіздіктің кімдердің қанымен, қандай ауыртпалықпен келгендігі жайлы айтып, ұлттық сезім, ұлттық мақтаныш, ұлттық сана, ұлттық парызды әрбір қазақ баласының бойына дарыту. Тәуелсіздік құрбандарын еске алып, 1 - минут үнсіздік жарияланды.

ҚР Тәуелсіздігінің 32 жылдағы жеткен жетістіктеріне шолу жасалып, оқушылар арнауларын айтты. Жас домбырашылар оркестірінің орындауында «Өрнек» күйі орындалды.




Жас әншілер «Қазақстаным елім» әнін тарту етсе, 3 «Ә» сынып оқушысы Миров Тамерлан «Көк тудың желбірегені» әнін шырқады.





Мерекелік кештің соңы жоғарғы сынып оқушыларының орындауында «Қазақтай ел қайда» әнімен аяқталды.






Желтоқсан айында «Өзін-өзі басқару мектеп Парламенті» ұйымының ұйымдастыруымен «Төрлет құтты жаңа жыл!» тақырыбында мерекелік ертеңгілік өткізілді.

Балақайлар «Аяз ата мен Ақшақарды» қарсы алып, кейіпкерлердегі сайқымазақтар түрлі ойындарды ойнатып оқушыларға мерекелік көңіл-күй сыйлады.

https://www.instagram.com/reel/C17P8PMMcoK/?igsh=MTZrdGl6ODI4N2RuMQ=

Қаңтар айының 19 жұлдызы күні «Жас Ұлан» ұйымы мен «Мектеп Парламенті» бастауыш сынып оқушыларының «Үзіліс» уақытын тиімді өткізу мақсатында «Көңілді Ламбада» биин билетіп, жақсы көңіл күймен бастауыш сынып оқушыларына жақсы тілектерін білдірді.

  

https://www.instagram.com/reel/C2zX4esMUCQ/?igsh=MWQ5ZmNyNWFyNWw2eA

Қаңтар айының 26 жұлдызы күні «Мектеп Парламенті» және «Жас Ұлан» ұйымы бастауыш класс оқушыларына қазақтың ұлттық киімдерін насихаттау мақсатында бейнеролик түсіріп, ұлттық салт-дәстүрлері бойынша сұрақтар қойып бастауыш сынып оқушылары белсенділікпен жауап берді.

  

https://www.instagram.com/reel/C21VKGoIxzx/?igsh=MXBsNTZ2cWpweGpudw=

Ақпан айында «Өзін-өзі басқару мектеп Парламенті» және «Жас Ұлан» ұйымының «Президенті» мен «Ұланбасы» мектеп оқушыларына қызықты интервью әдісін жүргізді.

https://www.instagram.com/reel/C3mkYNSsRLy/?igsh=MWkxM2o4b3N6bTVqdg==

Ақпан айының 9 жұлдызы күні «Жас Ұлан» ұйымы мен «Мектеп Парламенті» мектеп ұстаздары мен оқушыларына «Бір бауырсақ, бір мақал» айдарын жүргізді.

1 мақал қойып, дұрыс жауап берсе 1 бауырсақ берді.

   

https://www.instagram.com/p/C3Sce2KMFSZ/?igsh=azZ2dDU5YnBncDk0

Ақпан айының 14 жұлдызы күні «Жас Ұлан» ұйымы мен «Мектеп Парламенті» мектеп ұстаздары мен оқушыларына «Мен сізді жақсы көремін» тақырыбында жылы тілектерін білдіріп, бейнеролик түсірді.






https://www.instagram.com/reel/C3chmeNMlpL/?igsh=MXJzNHhlOHp2Y3hvYw==

Ақпан айының 16 жұлдызы күні 8-9 класс оқушылары арасында мектепішілік «Жайдарман-2024» ойыны өткізілді.

Мақсаты – мектеп оқушыларын жан-жақты дамыту және шығармашылық қабілеттері мен бір-бірімен достық қарым-қатынастарын нығайту.

«Жайдарман-2024» ойынының шарты 3 кезең бойынша өткізілді.

1. Сәлемдесу (тақырыбы: «Жаңа Қазақстан» уақыт 7 минут;)
2. Жанбату (командалар өздерінің әзілдерін хабарлайды, ұпай 6 балмен бағаланады;)
3. Үй тапсырмасы (уақыт 10 минут, жоғарғы ұпай 5 бал.)

Кеш қонағы және әділ-қазы алқасы 2019 жылғы Республикалық жайдарман ойынының чемпионы «Фемида» командасының ойыншысы, жайдарманшы Аманғалиев Есбол Нұрланұлы қатысты.








**«Жайдарман – 2024» ойынының қорытындысы бойынша:**

1. Бас Жүлдеге ие болған 9 «Ә» сыныбы «Бір үйдің балалары» командасы;
2. Жүлделі 1 орынға ие болған 9 «А» сыныбы «Элита» командасы;
3. Жүлделі 2 орынға ие болған 8 «Б» сыныбы «Ақтілек» командасы;
4. Жүлделі 3 орынға ие болған 8 «А» сыныбы «Опашилар» командасы;

5. Белсене қатысқаны үшін 8 «Ә» сыныбы «Әзілмания» командасы және 9 «В» сыныбы «Сүйкімділер» командалары марапатталды.




https://www.instagram.com/p/C35kPzCM-Za/?igsh=NWJlODB4YzlqN3I2

Алғыс айту күніне орай «Руханият» бағыты бойынша» Мектеп Парламенті» және «Жас Ұлан» ұйымының ұйымдастыруымен 12 ақпан мен 1 наурыз күндері аралығында Республикалық «Алтын жүрек» челленджі өткізілді.

Мақсаты-оқушылардың бойына "сыйластық" құндылығын арттыру. Әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.

Мектебімізде жүргізілген апталық аясында «Мерекелік құттықтау», «Жүректен-жүрекке челленджі», «Еңбек адамдарын құттықтау», «Алғыс айту парызымыз» тақырыбында «Қарттар үйіне» барып мерекелік кеш өткізілді.

Аталған іс-шараларға мектебіміздің 1 және 10 сынып оқушылары белсенділікпен қатысты.





**«Мектеп Парламентінің» мерекелік құттықтауы**

https://www.instagram.com/reel/C3-oPcNMXP6/?igsh=M2JqMjVxOWp5cWpi





**7-сынып оқушыларының «Асхана» қызметкерлерін «Алғыс айту» күнімен құттықтау сәтінде**

https://www.instagram.com/reel/C3-wLlXsI3i/?igsh=MTRtODlyc2R0OGR2aQ==

  

**«Жүректен жүрекке» құттықтау челленджі**

https://www.instagram.com/reel/C3-plpfMA0g/?igsh=MXAwaG9kYnhzdm50eQ==

   

**«Еңбек адамдарын құттықтау»**
**7 «Ә» сыныбы және аға тәлімгер Құлшаева Гүлдана Тасқынбайқызы**

https://www.instagram.com/reel/C38JhWxMjsi/?igsh=Z2kybTZpdjNwazl

1-наурыз Алғыс айту күніне орай мектебіміздің «Жас Ұлан» және «Мектеп Парламенті» ұйымы, мектеп ұстаздары «Карттар үйіне» барып, «Алғыс айтупарызымыз!» тақырыбында мерекелік кеш өткізді.

Мақсаты – балалардың санасына мейірімділік, қайырымдылық ұғымдарын қалыптастыру, әлеуметтік жағдайы төмен балаларға көмек көрсету, оқушыларды кішіпейілділікке, бауырмалдыққа баулу.

«Алғыс айту» парызымыз тақырыбындағы қайырымдылық кеште ұстаздар мен оқушылар ән айтып, қарттарға ізгі ақ тілектерін білдірді.

Мерекелік кеш соңында қарттарға мерекеге орай сыйлықтар таратылып, қарттарымыз тілектерін айтып алғыстарын білдірді.

    

**Жетістік:** «Алғыс айту парызымыз!» тақырыбында өткізілген қайырымдылық кешке мектеп оқушылары белсенділікпен қатысты.

**Ұсыныс:** Алдағы уақытта да осындай қайырымдылық кештер алдағы уақытта да жалғасын таба берсін және басқада сыныптың оқушылары қатыстырылсын.

**Кемшілік:** жоқ.

https://www.instagram.com/reel/C4AY_x2MTSz/?igsh=MXZkM3I0amlibnZiZQ==

Наурыз айының 7 жұлдызы күні «Ал, қанекей қыздар!» қыз сыны байқауы өткізілді. Мақсаты-қыз балаларға адамгершілік, адалдық, әсемдік, әдемілік, іс-қимыл, жүріс-тұрыс, қыз сымбаты түрлерін терең түсіндіре отырып, олардың өнерлерін, ұшқыр ойларын, іс-әрекетке деген икемділігін анықтап бағалау, одан әрі дамыту.

Сайыс 3 кезең бойынша өткізілді, атап айтқанда: «Біз қазақтың қыздарымыз» таныстыру, «Өнер өрге жетелейді» өз өнерлерін көрсету, «Білімді мыңды жығады» бұл бөлімде аруларымыздың білімділігі сынға түсті.

Әділ-қазылар алқасы әр бір кезең бойынша сайысқа қатысушы аруларды бағалады. Ең жоғарғы ұпай, 6 ұпай. «Ал, қанекей қыздар!» атты қыз сыны байқауына 7-8 сыныптың қыздары топ болып бақ сынасып, барлығы 21 қыз бала қатысты.




.

https://www.instagram.com/p/C4bQg9zsyWR/?igsh=MWVqcTlqY2Fld2Fydg==

Наурыз айының 19-20 жұлдызы күндері «Қош келдің Әз-Наурыз» тақырыбында мерекелік кеш өткізілді.

Мақсаты – оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарды дарыта отырып, салт-дәстүрлерді дәріптеу. Ауызбіршілікке, бірлікке, адамгершілікке тәрбиелеу.

Мектебіміздің өнерпаз оқушылары «Жарапазан» әнін орындады. «Қош келдің Әз Наурыз» тақырыбында өткізілген мерекелік шарада әр түрлі ұлттық ойындар ойнатылып, салт-дәстүрлерімізді жаңғыртылып кешіміз мерекелік әндермен жалғасын тапты.






https://www.instagram.com/p/C4xKz6pMfoc/?igsh=MWdyeDdqMnhwbTJsZg==

Сәуір айының 03 жұлдызы күні «Ғарышкерлер» күніне орай 5-7 сынып оқушылары арасында «Ғарышкер болғым келеді» тақырыбында эссе жазу байқауы өткізілді.

Мақсаты-өз ой-пікірін ашық, еркін жеткізе білуге баулу, сауатты жазуды меңгерту.

Эссе жазудағы басты мақсат – оқушылардың азаматтық ұстанымын қалыптастыруға, мемлекеттің жарқын болашағына деген сенімін арттыруға бағытталған. Осыған орай, мектебіміздің 5-7 сынып оқушылары эссе байқауына белсенділікпен қатысты. Байқау барысында топ жарып шыққан оқушылар болды

Сәуір айының 30 жұлдызы күні «Мектеп Парламенті» және «Жас Ұлан» ұйымы Республикалық «Таза Қазақстан» акциясы аясында өткізілген «Құстарға ұя сыйла» шарасына белсенділікпен қатысты.

Мақсаты-балаларға табиғат, тіршілік, коршаған орта арасында байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, қадірлей білу және қамқорлық жасай білуге үйрету.



https://www.instagram.com/reel/C6YW8GyMv7F/?igsh=MXRzdGp5cGk3YmhtZw==

Мамыр айының 04 жұлдызы күні мектебіміздің 2 және 5 сынып оқушылары арасында «Ұрпаққа ұран болған – Ұлы Жеңіс» тақырыбында патриоттық әндер байқауы өткізілді.

Мақсаты – оқушыларға патриоттық тәрбие беріп, Өз елін, жерін, Отанын сүюге, қадірдлеуге, патриоттық әндерді орындау шеберлігін арттыру.

Байқаудың шарты бойынша оқушылар «Отан», «Туған жер» тақырыбында әндерді шырқады. Оқушылар орындалатын әнге байланысты киім үлгілері, сахна мәдениеті және бағалау бойынша ең жоғарғы 10 ұпаймен бағаланды.






https://www.instagram.com/p/C6tZ8Yjsy1N/?igsh=MXVmenJkczAzazRyOA==




https://www.instagram.com/p/C7dyYMssIIH/?igsh=MWVrYnowNHAzaG1iOQ==

**2023-2024 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы»бойынша іс-шаралар жеткілікті деңгейде жүргізілді.Берілген мақсат бірқатар міндеттердің шешілуін қажет етеді:**

1.Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2.Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және елбірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3.Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4.Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5.Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

**<u>2024-2025 оқу жылына ұсыныстар:</u>**

2023-2024 оқу жылында жүргізілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» орындалуы туралы тәрбие жұмысын қорытындылай келе төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру көзделді:

- Класс жетекшілердің тәрбие жұмыстарына байланысты іс-тәжірибе тарату жұмыстарына көңіл бөліп, біліктілігін арттыру мақсатында курстардан өтуіне ықпал жасау; класс жетекшілердің тәрбие қызметін жетілдіру үшін жұмыстың инновациялық формалары бойынша практикалық семинарлар өткізу;
- Қазіргі заманауи танымал идеяларды, әлемдік экономикалық және әлеуметтік ой-өрістердегі үрдістерді зерттеуге жастардың қатысуын қарастыру.
- Оқушылардың бос уақыттарын мазмұнды өткізу, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында кластан тыс жұмыстардың сапалылығына көңіл бөлу;
- Мектепішілік клубтарының, ұйымының жұмыстарын одан әрі жандандыру;
- «Ата-аналарды қолдау орталығында » мектеп пен ата-аналар қауымдастығының ынтымақтастығын жалғастыра отырып, бірлескен жұмыстар мазмұнын жаңарту.
- Оқушылар арасында ұлттық құндылықтарды нығайту жұмыстарын жандандыру;
- «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында іс шараларды жүзеге асыру;
- Кәсіптік бағдар беру барысында жүргізілетін жұмыстарды одан әрі жандандыру;
- Білім алушылардың белсенділігін одан әрі арттыруға және де түрлі қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі байқаулар мен шараларға белсенділікпен қатысуға, мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жандандыру
- 2024– 2025 оқу жылында мектеп оқушыларымен құқықбұзушылықтың алдын – алу жұмыстары мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру іс – шаралары қалалық деңгейде ұйымдастырылып жүргізілсін.
- «Біртұтас тәрбие бағдарламасы»аясында ұлттық құндылықтарға негізделген жобалардың жүргізілуін жандандыру ;

Мектеп директорының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары — Таяуова Салтанат Жубаткановна